21347701255

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 04 маусым №7119-24-00-2/7904 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Ч.Абенова,
сот отырысының хатшысы Т.Ж. Төлеубаев болып,
прокурор Р.Байзульдинова қатысуымен,
ашық сот отырысында мобильді байланыс және аудио-бейнетүсірілім құралдарын қолданып, келесі арыз бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «TECH & DOSE» атынан - Ілес Нұрболат Құрбанбекұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талапкердің өкілі А.Б.Илесбеков

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ</u>:

2024 жылғы 11 сәуірде «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі» РММ мен ЖК «TECH & DOSE» Ілес Н.Қ. арасында №284 мемлекеттік сатып алу туралы, жалпы сомасы 3 545 500 теңгені құрайтын, Линолеум жеткізу туралы шарт жасалды.

Шарттың 1-тармағының 1.1-тармақшасына сәйкес Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша тауарды жеткізуге міндеттенеді.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес Тауар жеткізу мерзімі 2024 жылғы 29 мамыры.

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 04.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 05.08.2024, судья Абенова А. Ч., 06.08.2024
7119-24-3-6/691

Жауапкер шарттың міндеттерін орындаудан бас тартты, сол себепті 2024 жылғы 29 сәуірде Шарт біржақты «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі» РММ бұзылды.

Жоғарыда айтылған себептен талапкер «TECH & DOSE» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы арызбен жүгінді.

Жауапкердің өкілі талап арызға қарсылық жіберген жоқ.

Талап қоюшы талап қоюды қолдап, көрсетілген негіздер бойынша қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің сот отырысына қосылмады, тиісті түрде хабарланды, осыға байланысты сот жауакердің келмеуін құрметсуз деп таниды және істі жауапкерсіз қарауға болады деп санайды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізгі ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт талаптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады.

АІЖК 6-бабының 5-тармағына сәйкес, егер заңда немесе дауласушы тараптардың келісімінде тиісті мәселелерді соттың шешуі көзделсе, сот бұл мәселелерді әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып шешуге міндетті.

Талапкердің талаптары жауапкердің шарттың міндеттерін орындаудан бас тартуына байланысты негізделген.

Порталдағы хат-хабарға сәйкес, жауапкер линолеум бағасының қымбаттауына байланысты шарт талаптарын орындаудан бас тартқан.

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 04.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 05.08.2024, судья Абенова А. Ч., 06.08.2024
7119-24-3-6/691

Бұл ретте сот, жауапкер шартта көрсетілген талаптар мен баға бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қою кезінде шартты орындамаудың салдарын түсінуі тиіс екенін ескертеді. Тауар бағасының өсуі форс-мажорлық жағдайға жатпайды.

Тараптар арасындағы шарт 2024 жылдың 29 сәуірінде бұзылды. Оның бұзылуы даулы емес.

Талапкер шартқа қол қою кезінде күткенін алмағандықтан, сот жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талапты негізді және қанағаттандыруға жатады деп есептейді.

Жауапкер сотқа кінәсін жоққа шығаратын басқа да дәлелдер ұсынған жоқ.

Мемлекеттік баж АПК-нің 117- бабына сәйкес өндіріліп алынуға тиіс.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «TECH & DOSE» атынан - Ілес Нұрболат Құрбанбекұлына қойған мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «TECH & DOSE» атынан - Ілес Нұрболат Құрбанбекұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «TECH & DOSE» атынан - Ілес Нұрболат Құрбанбекұлынан мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге іске қатысқан тұлғалар апелляциялық шағымды, прокурор апелляциялық өтінішхатты АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар оларға шешімнің көшірмесі жіберілген күннен бастап сол мерзімде беруі мүмкін.

Судья А.Абенова

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 04.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.08.2024, судья Абенова А. Ч., 06.08.2024

7119-24-3-6/691